



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№18 (770) Сәрсенбі 4 мамыр 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

http://www.qsip.kz/

http://www.insagram.com/eltiledigazeti

http://www.facebook.com/eltilegigazeti



## Тоқаев Қазақстан халқын Бірлік күні мерекесімен құттықтады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтады.

Қымбатты отандастар! Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мамырдың осы мамыражай мерекесі – еліміздің тұтастығы мен ырыс-ынтымағының символы. Достық пен өзара түсіністік дәстүрлері халқымыздың сана-сезімінде берік орныққан. Бұл қасиеттер берекелі өмірдің, бейбітшіліктің пен келісімнің өзегі болып отыр.

Тағдырдың жазуымен кең байтақ қазақ жерінде тоғызған әр алуан мәдениеттер тұтаса келе ұлттық бірегейлігіміздің ажырамас бөлігіне айналды. Біздің мақсатымыз бір, құндылықтарымыз ортақ. Мызғымас бірліктің арқасында қиындықтан қаймықпай, жаһандық сын-қатердің бәрін еңсеріп келеміз.

Бүгінде Жаңа Қазақстанды құру бастамасы бүкіл қоғамды ұйыстыруда. Бұл идея ел азаматтарының жасампаздық қуатынан бастау алады. Мемлекетімізді жан-жақты жаңғыртуға әрқайсымыз өз үлесімізді қосыуымыз керек.

Баршаныңа зор денсаулық, толағай табыс тілеймін! Аспанымыз әрдайым ашық болсын!

## ТОҚАЕВ ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ БІРҚАТАР ШАРАҒА ҚАТЫСАДЫ

Биыл 9 мамыр күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Отан қорғаушылар» монументіндегі Мәңгілік алауға дәстүрлі гүл қою рәсіміне қатысуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар Президент 6 мамырда Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған салтанатты жиынға қатысады.

ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай Президенттің Жеңіс күні мейрамына орай өткізілетін іс-шараларға қатысуына байланысты БАҚ сауалдарына қатысты жауап берді, – деп хабарлайды Ақорда.

«БАҚ өкілдері Президенттің Жеңіс күні мейрамына орай өткізілетін іс-шараларға қатысуына байланысты сауалдарын жолдап жатыр. Биыл 9 мамыр күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Отан қорғаушылар» монументіндегі Мәңгілік алауға дәстүрлі гүл қою рәсіміне қатысуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар Президент 6 мамырда Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған салтанатты жиынға қатысады. Мемлекет

басшысының тапсырмасы бойынша биыл барлық өңірде соғыс ардагерлеріне кем дегенде 1 миллион теңгеден біржолғы жәрдемақы беріліп жатыр», – деді Руслан Желдібай.

Сонымен қатар ол тыл еңбеккерлері мен оларға теңестірілген азаматтарға да материалдық қолдау көрсетілетінін айтты.

«8-9 мамыр күндері облыс әкімдері денгейінде соғыс ардагерлерімен және олардың отбасы мүшелерімен арнайы кездесулер ұйымдастырылады. Бүкіл еліміз бойынша «Ардагерлерге тағзым» қайырымдылық акциясы өтеді. Соғыс ардагерлеріне мемлекет тарапынан қажетті көмек алдағы уақытта да жүйелі түрде беріледі», – деді баспасөз хатшысы.

### Тағайындау

## Асқарбек Есжанов – Жалағаш ауданының әкімі

Асқарбек Темірбекұлы 1978 жылы Жалағаш ауданында туған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Тарих және құқық пәнінің мұғалімі», Қызылорда гуманитарлық университетін заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қызылорда экология және құқық колледжінде оқытушы болып бастаған.

Мемлекеттік қызметте мол тәжірибесі бар.

Өр жылдары облыс әкімі аппаратында бөлім басшысы, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы, Қызылорда қалалық білім бөлімінің басшысы, Қызылорда қалалық мәслихат аппаратының басшысы, Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары болған.

2021 жылдан бастап осы кезге дейін облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы болды.



## АССАМБЛЕЯ ЖИЫНЫ: ТОҚАЕВ НЕ АЙТТЫ?

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты отыз бірінші сессиясы өтті. Мемлекет басшысы қандай маңызды мәселелерді атап өтті?**

«Бірлік, татулық және бейбітшілік – біздің мызғымас құндылықтарымыз. Оның айрықша маңызды екенін қаңтар оқиғалары кезінде айқын сезіндік. Қазір қатерлі күндер артта қалды. Сол кезде қандай қауіптен бетпе-бет келгенімізді уақыт өткен сайын ұғына түсеміз. Шын мәнінде, біз мемлекеттілігімізді жоғалтпай ала жаздадық. Халқымыз қаңтар қасіретінен сабақ ала білуі керек. Енді ондай жағдай қайталанбауы үшін қолдан келгенін бәрін жасауға тиіспіз», – деді мемлекет басшысы.

Әлемдегі геосаяси жағдайдың ушыққанын да тілге тиек етті. «Қазір геосаяси ахуал ушығып тұр. Жаңа сын-қатерлер пайда болуда. Мұндай жағдайда еліміздің азаматтық бірегейлігін нығайтып, отаншылдық рухын көтеруге баса мән беруіміз керек. «Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидатымыз ешқашан өзгермейді. Біз жас ұрпақты нағыз отаншыл азамат етіп тәрбиелеуіміз керек», – деді президент. Расымен әлем елдері арасындағы жағдай ушығып барады. Әлем қайта қырғи-қабақ соғыс кезеңіне аяқ басқан сыңайлы.

Ассамблея жиыны болғандықтан, сөздің басым бөлігі Ассамблея қызметіне бағытталды.

«Ассамблея бұрынғысынша біздің бейбітшілік пен келісім саясатымыздың берік институционалды тірегі болады деп сенемін. Бүгінгі сессияның міндеттері – Ассамблеяның саяси жүйені реформалаудағы орны мен рөлін айқындау, оның одан әрі даму векторын белгілеу. Біз саяси жаңғыртудың іргелі құрамдас бөлігі ретінде «Біз әртүрліміз бірақ біргеміз» қағидатын негізге аламыз», –

деді президент. «Мәжілістегі Ассамблея квотасын жою демократиялық сайлау стандарттарын сақтауға қатысты бірқатар мәселелерді шешеді. Бұл ретте Ассамблея атынан сайланған сенаторлар жалпыұлттық интеграция мен этномәдени саналуандық негізінде Қазақстанның этностық топтары мүдделерінің жиынтығын білдіретін болады. Мұндай үлгі халықаралық тәжірибені және Қазақстанның парламенттік жүйесінің ерекшелігін көрсетеді», – деді мемлекет басшысы өз сөзінде. «Осыған байланысты Ассамблея Сенат депутаттығына кандидаттарды іріктеудің тиімді әрі ашық рәсімдерін әзірлеуі керек. Осы мәселелердің барлығы жаңарған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңда көрініс табуға тиіс», – деді ол.

Президент саяси реформалар жайында да айта кетті. «Партиялық және сайлау жүйесін реформалау барлық азаматтардың сайлау процестеріне қатысуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Барлық электоралды ландшафтты қамтитын жаңа партиялар пайда болады деп болжануда. Партиялық тізімдер, сондай-ақ бір мандатты округтер бойынша кандидаттар сайлауы Қазақстанның этностық әралуандығын іс жүзінде көрсетеді деп сенемін», – деп атап өтті президент.

Сонымен қатар, Президент ешбір жағдайда этносаралық факторды саясиландыруға, осы тақырыпта жағымсыз және арандатушылық пікірталастарға жол беруге болмайтынын айтты. «Елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің жалпыазаматтық құндылықтармен бөлісіп, өздерін Қазақстанмен байланыстыруы өте маңызды. Бұл біздің тәуелсіздік жылдарындағы орасан зор жетістігіміз және біз оны жан-жақты нығайтуға міндеттіміз», – деді мемлекет басшысы.

«Мәдениетіміз әралуан екенін көрсететін ерекше ақпаратты әзірлеу қажет. Соның ішінде, қазақ тілді аудиториямен жұмыс жүргізген жөн. Қазақ тілді аудиторияның ауқымы кеңейіп жатыр. Бұл – жағымды, оң үрдіс. Қазақстанды дамытуға өзге этностардың қосып жатқан үлесін мемлекеттік тілде насихаттау маңызды. Біз осы бағытта жұмыс істейтін ақпарат құралдарын барынша қолдауымыз керек», – деді мемлекет басшысы.

«Бір айдан кейін жаңа диалог алаңының алғашқы отырысы – «Ұлттық құрылтай» өтеді. Құрылтай ел дамуының өзекті мәселелерін талқылау үшін қоғамды жұмылдыруға арналған. Ол жалпыұлттық диалогтың әмбебап моделіне айналады. Құрылтай құрамына депутаттар, Ассамблея мүшелері, сарапшылар мен құқық қорғаушылар, сондай-ақ Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес-қауымдастықтардың және өндіріс саласының өкілдері кіреді», – деді ол.

«Мен Конституцияға елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертілетін өзгерістер енгізуге бастама көтердім. Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа форматына көшуіміз. Мұны Екінші республика деп атауға болады. Жұмыс тобы Негізгі Заңның 33-бабына түзетулер дайындады, ал бұл бүкіл Конституцияның үштен бірі. Аталған өзгерістерді енгізу туралы заң жобасы Конституциялық кеңеске берілді, ол жақын арада өз үкімін шығарады», – деді президент.

«Осы реформалар қолға алынған кезде Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын Парламент қарайды деп ойлаған едік. Бұл – қолданыстағы заңнамада орныққан рәсімнің бірі. Алайда, алдағы ауқымды әрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сондықтан, мен Ата заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізуді ұсынамын. Референдум әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік береді және жан-жақты демократияландыру мен жаңа Қазақстанды құру жөніндегі бағытымызды нығайтады», – деді мемлекет басшысы.

«Біз барлық жоспарымызды міндетті түрде жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз! Сөз соңында сіздерді алда келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күнімен және Ораза айы мерекесімен құттықтаймын», – сөзін қорытындылады президент.

Abai.kz

## СЫР ХАЛҚЫ БІРЛІК КҮНІН ЕРЕКШЕ ҮҚЫЛАСПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ



**Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130-дан аса ұлт өкілдеріне ортақ отан. Сондықтан да 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі. Қазақстан халқы үшін бұл айтулы әрі ең ірі мерекелердің бірі. 1 мамыр еліміздің барлық өңірлерінде жоғары денгейде тойланады.**

Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау болып табылады. Қазақ «Бірлік болмай тірлік болмас» деген әдемі сөз бар. Ендеше берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан ешуақытта жалыққан емес. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған қаймағы бұзылмаған қалың қазақ үшін бұл мейрамның орны әлбетте ерекше!

Жыл сайын атаулы мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі кара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікті, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. «Достық» атты бір шаңырақ астына шоғырланған әрбір

ұлттық-мәдени орталықтар мерекеде ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көріністер көрсетеді. Халықтың көңіл-күйін көтеру үшін түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылады.

Сырбойлықтар 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнін зор ықыласпен, сән-салтанатымен қарсы алды. Орталық алаңнан бастау алған думанды іс-шарада түрлі ұлт өкілдерінің әні мен биі, салты мен дәстүрі қатар өрбіп, мызғымас бірліктің айқын көрінісі сезді. Орталық аумағы мерекелі нышанды сипаттайтын атрибуттармен әрленіп, әуе шары мен жер шары бірліктің символын айшықтады.

Мерекеде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр халқын бірлік күнімен құттықтап, ақжарма тілегін арнап,

тұрғындарды тәуелсіздік, татулық пен тұрақтылық сынды баға жетпес құндылықтарды сақтауға шақырды.

– Бірлігі жарасқан елдің тірлігі де төрге озады. Бүгінгі таңда ұлы мақсаттарды ұлықтап, достыққа құшағын айқара ашқан Қазақстан заманауи әлемде ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлымен бірге дамуың жаңа көшін бастады. Берекелі бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында серпінді істеріміз нәтижелі болып, өңіріміз жаңа деңгейге көтеріліп, еліміздің іргелі облыстарының қатарынан көрінеді деп сенемін. Жұдырқайы жұмылған ауызбіршілікпен ортақ мүдде жолындағы қиындықтарды қайыспай көтеріп, қуанышымызды бөлісіп, ақ ниетімізді, асыл қасиеттерімізді танытып келеміз. Бұл – тіл басқа

болса да, тілегі бір, жүзі басқа болса да, жүрегі бір жұрттымыздың айнымас бірлігінің шексіз дәлелі. Біздің күшіміз – болаттай берік бірлікте!», – деді облыс әкімі.

Орталық алаңдағы негізгі шара концерттік бағдарламаға ұласты. Думанды мерекеде қазақ эстрадасының жұлдызы Серік Ибрагимов Сыр еліне мерекелік ән-шашуын алып келді. Сондай-ақ, өзге де танымал өнер иелері көрерменнің көңіл-күйін көтеріп, елге қуаныш сыйлады.

Мұнан кейін облыс әкімі елмен бірге түрлі ұлт өкілдерінің қолымен бұйымдары қойылған көрмені аралап, балалар шығармашылығын топтастырған шағын қойылымды көріп, түрлі спорттық ойындарды тамашалады.

Ж.ҚАСЫМ

## Республикалық «Ел тілегі» және «Жарасымды жанұя» журналына 2022 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.

Бүгін оқырманды газетпен емес, газетті оқырманмен қамтамасыз ету қажеттілігі туған кезеңде сенімді, әрі шынайы ақпарат алғысы келген елінің ғана емес, өзінің де тағдырына бей-жай қарай алмаған кез келген азаматтың басылымдарға жазылуы қажеттілік болып, басылымдарымыздан рухани ләззат алыңыз!

«Ел тілегі» газеті 6 айға – 2500 теңге  
«Жарасымды жанұя» журналы 6 айға – 2850 теңге



## Облыс әкімі зиялы қауым және жастармен бірге көшет отырғызды

Бірлік күні Қызылорда өңірінде аға буын өкілдері мен жастар Тұңғыш Президент саябағына келіп, түрлі көшет отырғызды.

Ігі іс-шараға зиялы қауыммен бірге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, жастарға сүйікті қала Қызылорданы жасыл желекке айналдыру ортақ мақсат екенін жеткізді. Сондай-ақ,

тұрақтылық пен татулық бірліктің басты құндылықтары екенін еске салды. Саябақ алаңын жасыл желекке көмкерген жастар ардагерлермен бірге түрлі көшеттер мен өмір ағашын (туя), отырғызды. Айта кетейік, әр апта сайын қызылордалықтар экологиялық акцияға үн қосып, қала тазалығына белсенді түрде атсалысып келеді.

**Жеңіске -77 жыл**

## ҒАСЫР КӨРГЕН МАЙДАНГЕР

Күркіреп өткен кешегі соғыстың бүгінгі күні үлкен жеңістің белесі. Себебі, бұл мерекенің келешек ұрпақ үшін орны ерекше. Сан ғасырлық тарихы бар атаулық күн өткеннен хабар беріп, санамызда ерлікпен қаза тапқан майдангерлерді жаңғыртатыны анық.

**Зибаш ӘЛИ**

Биыл Ұлы Жеңістің елімізде 77 жыл тойланады. Жыл сайын мамырдың мамыражай уақытында келетін мерекеле облысымызда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, майдангерлерге құрмет көрсетіліп, сұрапыл соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухтарына тағзым етіліп, боздақтардың құлыптасына гүл шоқтары қойылады. Биылғы жылы да сол дәстүр жалғасын таппақ.

Қазіргі таңда Қызылорда облысының жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, аймағымызда 7 ҰОС қатысушысы мен мүгедегі және тылда қажырлы еңбек еткен 2098 ардагеріміз бар екен. Атаулық күн аясында өңіріміздегі қазыналы қарттарымызға ҰОС ардагерлеріне облыстық бюджеттен 1 млн. теңгеден біржолғы материалдық көмек, жергілікті бюджеттен 122 520 теңгеден біржолғы әлеуметтік төлем, ал тыл ардагерлеріне 122 520 теңгеден әлеуметтік көмек көрсетіледі. Осыдан 5 жыл бұрын облыс аймағы бойынша 30 ҰОС соғысының ардагері болса, алдыңғы жылы 11 ҰОС ардагері қалған. Жылдармен сығып жақтан уақыттың ағымымен қатары азайып бара жатқан майдангерлерді көрсек қынжылатынымыз бар. Сан сұрапыл сындардан өтіп, кескілескен шайқастарда ерлікпен де, еңбекпен де жеңіске ұмтылған өр рухты майдангерлерімізден: Любовь Колесник, Әбдрахман Байтиков, Төлеген Жүнісов, Смағұл Қабақ пен Тілеуберген Тубаберенов, Сарсенбек Байжанов және 101 жастағы Яхия Тасыров сынды майдангерлеріміз бар.

Қазыналы қарттарымыздың ішінде елге оралғаннан кейін еңбекке араласқан, бүгінде 99 жасты еңсерген майдангеріміздің бірі – Төлеген Жүнісов. Тағдырдың сонау қиын тұстарында да еңсесін түсірмеген Төлеген ата Тереңөзек ауданындағы бұрынғы Жаңаарық ұшымшарында дүниеге келген. Әке-шешесі нәубет жылдары қаза табады. Тағдырдың жазуымен жастайынан бауырларымен бірге балалар үйінде тәрбиеленіп, жетімдіктің қамытын киеді. «Жетімдер үйінде қарындасым Гүлайханнан тірдей айырдым» деген атаның өкініші өзекті өртейді. Сол қиын шақтарда Төлеген ата қарындасын кімнің алып кеткенін білмей, біржолата көз жазып қалады. Үзілмеген үміттің ізімен өмір сүрген майдангер есейе келе қарындасын іздейді. «Әйтеуір бір қиырда жүрген шығар деген үмітім бар», дейді Төлеген ақсақал.

Соғыс оты тұтанған жылы Төлеген Жүнісов 18 жаста еді. 1942 жылы 19 жасында әскер қатарына шақырылып, Өзбекстандағы Самарқан шаһарына жіберіледі. Ол жақта 5 ай кіші командирлік оқып, білімін жетілдірген соң Украинаның Луговой станциясына аттанады. Осы жерде қиян-кескі ұрыстарға қатысады. Фашистік Германияның әскерін талқандауда жау әскер қатарында болған кіші сержант Төлеген де ерліктің үлгісін көрсетеді. Сонымен бірге ол Украинаның Харьков, Прискуров, Тернополь, Львов қалаларын жаудан азат етуге атсалысады.

«Менің қолымда автомат, пулемет



болатын. Жан-жақты жіті барлайтын немістің «Тигр» дейтін екі танкісін жарып жіберген. Сол үшін «4 дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденін алғанмын. Басқа да марапаттар бар ғой. Біз үшін ең басты орден, марапат – соғыстың біткені, Отанымыздың тыныштығы. Иә, қарша бораған оқтың ортасынан Құдай сақтап, елге аман оралдық, – дейді ақсақал.

Соғыс бітіп, елге оралған майдангер бірден еңбекке араласып, елге қызмет етуге кіріседі. «Ол кезде ұмысты талғамайтынбыз» деген ата ырыздық-несібесін қара жұмыстан, дүкеншіліктен тауып отырған. Уақыт өте есепшілік мамандығы бойынша қызмет атқарса, ал 1978 жылдан кейін теміржол саласында қызмет етеді. Шойын жолдың шонжарына айналған ғасыр атасының еңбегі елдің есінде. Саналы құмырында 40 жылдан аса уақыттан бері отасқан жары Жәмиламен 2 ұл, 2 қыз тәрбиеле, өсірді. Бір өкініштісі Жәмила ана өмірден ерте оза да, бүгінде абыз қария немере-шөберелерінің ортасында елдің амандығын тілеп отырған жайы бар. «Елдің тыныштығы – баға жетпес бақыт». Бұл Төлеген қарияның өмірлік ұстанымы. Қан майданында талай азаптың кермек дәмін татқан ғасыр адамының әлі де ұрпақтарына айтары бар.

**П/С: Соғыс зұлматы ерте есейткен Төлеген қария - аңыз адам. Ол кісінің өмірі тұтас бір дастандай. Қазіргі кезде біз соғыс тақырыбындағы қаншама деректі фильм көріп, қаншама өлең, көркем шығармалар оқысақ та, дәл сол кездегі адамдардың бастан кешкендерін сезіне алмаймыз анық. Біздің қолдан келетіні – өткен тарихымызды ұмытпай, ерлік көрсеткен ерлерімізді ұлықтап, қазіргі жүріп жатқан «жаһандану» деген мылтықсыз майданда рухымызды жоғары ұстап, желбіреген көк байрағымызды қайта құлатпау үшін аябай еңбек етіп, тер төгу ғана. Біз сіздердің ерліктеріңізді ұмытпаймыз, сұрапыл соғыста сынға түскен соғыс ардагерлері!**



## АСАНӘЛІ ӘШІМОВКЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

**Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Қазақстан және КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің 85 жасқа толуына арналған «Тағдыр тақтасы» спектаклі сахналанды.**

Мерекелік шараға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев, халық әртісінің жұбайы Бағдат Әшімова, өнер саласының ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, өнер сүйер азаматтар қатысты. Киелі сахнада Асанәлі Әшімовтің өмір жолын бейнелейтін «Тағдыр тақтасы» қойылымын шәкірттерінен құралған «Жаңа ғасыр» театры сомдап шығып, көрермен қошеметіне ие болды.

Театр төрінде өткен арнайы шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аңыз адам, біртуар қайраткер Асанәлі

Әшімовке Сыр жұртшылығы атынан құттықтауын жеткізіп, мерейтой иесінің иығына шапан жауып, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады.

– Құрметті Асанәлі Әшімұлы! Әлемге танылған Өзіңіздей дарабоз өнер иесін Сыр елі өз перзентіндей қадірлейді. Бүгін өзімізге Өзіңіздің ат басын бұруыңыз барша сырбайлықтарға үлкен қуаныш алып келгені сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сізді аса көрнекті

актер ретінде КСРО ғана емес, бүкіл әлемдік кинематография қауымдастығы мойындады», – деген болатын.

Сіз тума талантыңызбен, кәсіби шеберлікпен сомдаған рольдеріңізбен екі дәуір ұрпағының сүйікті актері ғана емес, ұлағатты ұстазы да болдыңыз.

Барша Сыр жұртшылығы атынан Сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға бақ-береке, амандық тілеймін!, – делі Н.Нәлібаев.

Салтанатты кеште Асанәлі Әшімов Ж.Ерманның сөзіне жазылған А.Қоразбаевтың «Жан балам» әнін орындап, Сыр еліне алғысын жеткізді.

Айта кетейік, театр фойесінде Асанәлі Әшімовтің шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылды.

**«Ел тілегі» ақпарат**

## МАҒЛҰМАТЫ МОЛ МЕКТЕП МҰРАЖАЙЫ

**Облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменова қаламыздағы №235 орта мектеп келіп, Рахат Қалыұлы Құлтанов атындағы «Атамекен» мектеп мұражайымен танысты. Аталмыш білім ошағындағы «Атамекен» мұражайы 1988-1989 жылдардан бастау алып, құрылған.**

Сол жылдары мектептің алғашқы директоры Рахат Құлтановтың бастамасымен ашылған бұл мұражай бүгінде республикамыздағы білім беру ұйымдарындағы мұражайлардың арасында көш бастап тұр. 15 бөлімнен тұратын мұражайды аймақ басшысының орынбасарына ұзақ жылдары жетекшілік жасап, қалыптастырған ардагер ұстаз Күләш Алматықазы таныстырып, тарихына кенінен тоқталды.

Тарихи мәліметтер мен жәдігерлер арқылы жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге, еңбек пен ерліктің үлгісін көрсеткен тұлғалар өмірін үлгі етуге, туған жеріміздің бай тарихына қызығушылықтарын арттыруды мақсат тұтқан мұражайдағы әрбір бөлімде терең зерттеулерді қажет ететін, тарихы тереңде жатқан жәдігерлер өте көп. Атап айтар болсақ,

«Абай және Алаш арыстары», «Нумизматика», «Зергерлік бұйымдар», «Ұлттық құндылықтар», «Киелі киіз үй», «Ұлы Отан соғысы ардагерлері», «Байқоңыр», «Арал» бөлімдерінің оқушылар үшін маңызы ерекше. Мектеп директоры Роза Тағыбергекқызының айтуынша, бүгінде ұстаздар сабақтарын мұражаймен байланыстыра отырып өткізуді дағдыға айналдырған.

Мұражайдың жұмысымен танысқан Балжан Мөралиқызы жас өркендеріміздің патриот тұлға болып қалыптасуы үшін мұражайдағы ұлттық құндылықтар мен Сыр елінен шыққан данқты тұлғалардың өнегелі өмір жолдары туралы мәліметтердің ұрпақ үшін алар орны ерекше екенін айтты. Сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары мектепте, мұражайда жасалып жатқан еңбектерге алғыс айтып, тілектер тақтасына өзінің лебізін жазып қалдырды.

Айта кетейік, мұражай 1989 жылы Алматы қаласында өткен «Мектеп мұражайлары және сыныптан тыс жұмыстар» атты республикалық байқаудың I орын иегері атанған. Сонымен қатар 2018 жылы ҚР Тұңғыш Президенті қорының ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткізілген әлеуметтік жобалар конкурсында жеңімпаз атанып, 1 000 000 миллион теңге грантын иеленген.

**«Ел тілегі» ақпарат**



# БАЛАНЫҢ ДЕНІ САУ БОЛЫП ӨМІР СҮРУ МҮМКІНДІГІНЕН АЙЫРМАЙЫҚ

Жұқпалы аурулар барлық кезеңде адамның басты жауы болған. Тарихта шешек, оба, тырысқақ, қызылша, тұмау ауруынан жойқын жағдайға жеткізген мысалдары өте көп. Адамдар жұқпалы ауруларға қарсы көптеген тәсілдерді қолданды, бірақ тек вакцинация пайда болуынан кейін ғана жұқпалы ауруларға қарсы күрестің жаңа заманы басталды. Вакциналардың құрамына микроорганизмдер (әлсіздендірілген немесе өлтірілген) немесе олардың жартылай компоненттері енгізілген.



Олардың ауруды тудыруына мүмкіндіктері жоқ, бірақ вакцинацияның нәтижесінде иммундық жүйе аурулардың қоздырғыштарының белгілерін есте сақтап, олармен кездескен кезде танып, жоюына көмектеседі.

Осылайша, вакцинациялау көмегімен жер шарында натуралды шешек жойылған, ол өз кезегінде ауыл және қалалық елді мекендерді толығымен жойған, тірі қалған адамдардың бетін тыртық қалдырып ізін қалдырған. Көп жылдар бойы жүргізілген иммундау шараларының нәтижесінде көптеген елдер, оның ішінде Қазақстан Республикасында полиомиелит ауруына бос статусын алған, эпидемиялық паротит, қызылша, қызамық ауруларын айтарлықтай төмендетуге, көкжөтел, сіреспе ауруларын санаулы оқиғаларға дейін азайтуға мүмкіндік берді. 2009 жылдан бастап елімізде дифтерия тіркелмеуде. Осының әсерінен, біз- ата аналар жұқпалы аурулардың ауыр өтетінін естен шығара бастадық. Көптеген жас ата-аналар осы жұқпалар туралы естімеген де, көрмеген де. Сондықтан да, бәріташадеген жағдай ой туындап, «вакцина керек пе?» деген сауал соңғы кездерде ата аналар арасында кенінен талқылануда. Алайда жұқпалы аурумен ауырғаннан кейін ол мүдектікке, одан ауыры-өлім жағдайға әкеліп соқтыратынын ұмытпаған абзал.

Вакцинациялау жұмыстарын жүргізу кезінде аға екепке нормаға сәйкес көрініс беруі ықтимал. Вакциналар ағзаға иммундық қорғау қалыптастыру мақсатында енгізілетін бөгде заттар болғандықтан, олар енгізілген тұста құтілетін нормаға

сәйкес (дене қызуының 37,5С дейін көтерілу, екпе орны ауырсыну) реакциялар дамиды, олар алғашқы 3 күннің ішінде жойылады.

Соңғы жылдары әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарында вакциналардың қауіпсіздігіне байланысты күдік білдіретін жарияланымдар саны күрт өскен. Осындай негізсіз айыптаулар адамдарда үрей туғызады, бұл егулерден бас тартулар санының өсуіне әкелуде.

Біз балаларымыздың дені сау болып жетілуіне – вакцинацияны уақытылы өткізу арқылы қол жеткізілетіндігіне естен шығармауымыз қажет. Халық арасында егу жұмыстарын тоқтатуға болмайды. Егулерді өткізу кезінде жіберілген кемшіліктер жұқпаға сезімтал адамдардың көбеюіне, асқынұлар арқылы өлім-жітімге әкелуі мүмкін.

Мысалыға айтатын болсақ, қызылша ауруында ортаңғы құлақтың, өкпенің, кенірдектің, бронхының ми қабатының қабынуына әкеліп соқтыра, қызамық ауруы әсіресе жүкті әйелдер үшін қауіпті. Себебі вирус қан арқылы нәрестеге жұғып, нәтижесінде әйелдер түсік тастап, өлі бала туып жағалы немесе бала соқыр, саңырау, жүрегінің және ақыл есінің кемістігі ақауларымен туылады.

Эпидпаротит немесе шошқа мойын ауруы – құлақ асты, сілекей бездерінің ісінуінің салдарынан науқастың бет пішіні өзгеруіне, бедеулікке, менингит ауруына, саңырау болып қалуына әкелсе, сал ауруы адамды мүдеке қылып, өмір бойы төсек тартып жатуына әкеліп соқтырады.

Ауа арқылы таралатын, балалар жиі шалдығатын көкжөтел жұқпалы

ауруы алғашында қарапайым салқын тию ауруына тән белгілерімен басталады, дене қызуының көтерілуі, мұрынның бітелуі, жөтелуі. Жөтел жиі қайталанатын, ұстама түрінде бірте бірте күшейіп, ауа жетіспеушілігіне, өкпенің, бас миының қабынуына әкеліп соғалды.

Сіреспе ауруы адамнан адамға жұқпайды, әр түрлі дәрежелі үсікке, күйікке шалдыққанда, антисанитарлық жағдайда туу, аборт жасау кезінде, жануарлар тістегенде, яғни тері қабаты жарақаттанғанда ауру қоздырғышы ағзаға еніп, жақ бұлшық еттерінің қоса алғанда тартылуына әкеліп соқтырады. Тамақ бұлшық еттерінің тарлуы кеңірдекті құрсаулай тұншығуға, одан әрі өлім жағдайға әкеледі.

Күрөзек ауруы ауа арқылы жөтелгенде, түшкіргенде жұғатын жұқпалы ауру. Ауру басында баспа ауруы (ангина) секілді, жалпы әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, жұтығанда ауырсыну белгілерімен сипатталады. Өзге ауруларға қарағанда ең көп асқынұларымен (жүрек, тыныс алу мүшелерінің және көк етінің бұлшық еттерінің параличі, таңдай, бет, мойын дене және аяқ қол бұлшық еттерінің параличі) қауіпті.

Ұлттық күнтізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасында вакцинация 20 жұқпалы ауруларға қарсы ақысыз түрде жүргізіледі. Ата-аналар бірінші екі енгізілген балаларға перзентханада В вирусты гепатитіне және туберкулезге қарсы жүргізілетін білуі қажет. 2 жасқа

дейінгі балалар, нақты көрсеткенде баланың 2, 3, 4, 12, 18 айлығында көкжөтел, күрөзек, сіреспе, вирусты гепатит В, полиомиелит, пневмония, қызылша, қызамық және эпидемиялық паротитке қарсы екі екі енгізіледі.

Көзіргі таңда вакцинацияны ыңғайлы етіп, құрама вакциналар шығарылуда, яғни 6 (В вирусты гепатиті, В типті гемофильдік инфекция, сіреспе, көкжөтел, күрөзек, полиомиелит ауруы) немесе 3 жұқпалы ауруға қарсы (қызылша, қызамық, эпидпаротит ауруы) бір ине шаншу арқылы екі екі енгізіледі.

Иммунитет белсенділігін тиісті деңгейде сақтап қалу мақсатында баланың 6 жасында, яғни мектепке барар алдында туберкулез, күрөзек, сіреспе, қызылша, қызамық және эпидемиялық паротитке қарсы қайта егулер жүргізілуі тиіс. 16 жастағы жасөспірімдер мен ересектерге әр 10 жыл сайын (26, 36, 46, 56 жас) күрөзек, сіреспеге қарсы қайта егулері салынады.

Иммунпрофилактика саласы бойынша қолданыстағы заңнамаларға сәйкес иммундау тек ата – ананың рұқсатынан кейін ғана жүргізіледі, демек баланы ауыр сырқаттанушылықтардан қорғап қалу – ата-ананың қолында!

Екпелер – бұл жұқпалы аурулардан сақтанудың жалғыз сенімді жолы. Әр бір баланың да қорғануға құқығы мен мүмкіндігі бар! Олай болса, Құрметті ата-ана баланың дені сау болып өмір сүру мүмкіндігін айырмайық!

Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті



## УЕФА ресейлік командаларды футбол турнирлеріне қатыстырмайды

Еуропа футбол қауымдастықтарының одағы УЕФА ресейлік клубтарды 2022-2023 маусымында Еуропа турнирлеріне қатысудан шеттетті.

Бұл жерде әңгіме биылғы Ұлттар лигасы, Еуропа лигасы, 2023 жылғы Еуропа жастар кубогы мен әйелдер арасындағы әлем чемпионаты жайында болып отыр. Дисквалификация үшін еурокубокка команда іріктеу сызбасы өзгерді. Мысалы Ұлттар лигасында ресейлік құрамаға мерзімінен бұрын топтағы соңғы орын беріледі және бүкіл командалар арасындағы класы кезең-кезеңімен төмендейді. Әйелдер арасындағы Еуро-2022 чемпионатына Ресейдің орнына Португалия қатысады. Ресейлік командалар мен ұлттық құрамалардың ойыннан қанша уақытқа аластатылғаны белгісіз. Оның үстіне Ресейдің Еуро-2028 және Еуро-2032 кубоктарын өткізуге берген өтініші жауапсыз қалды. УЕФА өз шешімін түсіндіре келе одақтың, басқа үміткерлер мен жалпы Еуропа футболының абырой-беделіне нұқсан келуіне жол бермейтін ережелерді басылыпқа алғанын айтады. Ресей футбол одағы бұл шешіммен мүлде келіспейтінін және Спорт арбитраж сотына арыздатанынын мәлімдеді.

## Өрт салдарынан 8 адам мерт болды

Филиппин астанасы Манила маңындағы көптеген үйлерде болған өрт салдарынан 8 адам қаза тапқан, оның 6-уы балалар.

Жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 05-00-дер кезінде басталған өрттің салдарынан 80 үй жанып кетті. Қайғылы жағдай Кесон-Ситиде орналасқан Филиппин университетінің кең ауқымды кампусының ішіндегі тұрғындар тығыз қоныстанған ауылдағы тұрғын үйдің екінші қабатынан басталды. Өрттің неден шыққаны әзірге белгісіз. Өрт сөндіруші офицер Грег Биачайда АРП ақпарат агенттігіне өртті сөндіруге екі сағаттан астам уақыт кеткенін хабарлады. «Мұндағы үйлер жеңіл материалдардан салынған. Өрт шыққан кезде адамдар не істерін білмей абдырап қалды. Біздің станциямыз жақын болғанымен олар бізге хабарласа алмады», - деді Биачайда. Ағта кетейік, Филиппин әлемдегі халық ең тығыз орналасқан мемлекеттердің бірі. Мыңдаған адам халық шектен тыс тығыз орналасқан аймақтарда тұрады және онда өрт оқиғалары жиі болып тұрады.

## Шанхайда бір тәулікте 38 адам коронавирустан қайтыс болды

Шанхайда бір тәулікте 788 адам COVID-19 жұқтырған және 7084 адамнан симптомсыз коронавирус анықталған.

Бұл туралы қалалық денсаулық сақтау істері жөніндегі комитет мәлім етті. COVID-19 диагнозы расталған жаңа пациенттердің 683-і бұған дейін коронавирус инфекциясын симптомсыз тасымалдаушылар санатында болған. «Сол күні Шанхайда 38 адам коронавирустан көз жұмды. Олардың орташа жасы – 80,9, ал ең үлкені – 97 жаста еді. Барлығының қосалқы аурулары болған», - деп хабарлады қалалық денсаулық сақтау істері жөніндегі комитет. Сондай-ақ, 3055 науқас ауруханадан жазылып шыққан. Еске салсақ, ҚХР Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Чжао Лицзянь кейбір үндістандық студенттердің елдегі университеттерге оралуына рұқсат берілуі жөнінде айтқан еді.

## Internet Explorer браузерінен бас тартуға шақырды

Microsoft корпорациясы Windows пайдаланушыларын Edge браузеріне көше бастауға шақырды.

Бұл туралы компанияның блогында хабарланды. Корпорация өкілдері қолданушыларға ескірген браузерді қолдау шаралары жақын арада аяқталатынын ескертті. Microsoft инженерлері, әсіресе IT компанияларға үйреншікті браузерден жанасуына ауысу қиын болуы мүмкін екенін атап өтті. Бірінші кезекте Microsoft корпорациясы Edge-ге Internet Explorer-ді іске қосуға мүмкіндік беретін арнайы режим бар екенін алға тартқан. Материал авторлары пайдаланушыларға белгілі бір сайттардың бұл бағдарламамен қалай ашылатынын тексеруді, ал инженерлер ескі браузерден біркелкі өту және жаңа бағдарламаны пайдалануды бастау үшін арнайы күнді жоспарлауға кеңес берді. Сарапшылардың айтуынша, Internet Explorer-ден Edge-ге барлық деректер мен параметрлерді тасымалдау аса маңызды. Ол үшін Edge мекенжай жолына «edge://settings/importData» пәрменін енгізіп, «Импорттаудан...» батырмасын басып, «Microsoft Internet Explorer» опциясын таңдау керек. Microsoft өкілдері 2022 жылдың 15 маусымында Internet Explorer-ге қолдау көрсету тоқтатылатынын еске салды. Енді компьютеріне IE орнатқысы келетін пайдаланушылар Edge браузерінің парақшасына бағытталады.

## Екі ауылдың арасындағы жол жөнделуде

Биыл Қазалы ауданына қарасты Бекарыстан би ауылынан Жаңақұрылыс елді мекеніне баратын ұзындығы 12,3 шақырым жолға жөндеу жұмыстары басталды.

Бірінші кезекте аудандық бюджеттен бөлінген қаржыға жол бойындағы маңызды нысандардың бірі темір көпірге жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын.

Қазіргі таңда мердігер мекеме «Нұрас и К» ЖШС жолды асфальттау жұмыстарын бастап кетті. Бұғи аудан әкімі Мұхтар Оразбаев пен аудандық мәслихат хатшысы Бакытжан Жарылқап құрылыс басына арнайы барып, серіктестік басшыларымен кездесті.

Кездесуде Мұхтар Әуесұлы мердігер мекеме «Нұрас и К» ЖШС директоры

Нүркен Ботабаев пен аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтановқа жол құрылысын сапалы жүргізіп, белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Айта кетейік, екі елді мекен арасындағы бұл жолдың қос аудан тұрғындары үшін маңызы жоғары. Күн сайын осы жол арқылы көршілес Арал ауданының мыңдаған жолашушылары жүріп өтеді.

«Ел тілегі» ақпарат



## «Қызылорда қаласы бойынша 2022 жылға мүдедектер үшін жұмыс орындарына 2021 жылғы 30 қарашадағы №1526 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қызылорда қаласы бойынша 2022 жылға мүдедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» Қызылорда қаласы әкімінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №1526 қаулы қосымшасына мынадай өзгеріс енгізілсін:
  - көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Қызылорда қаласы әкімінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шаралар қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушы

Б.Нуридинов

## О внесении изменений в постановление Кызылординского городского акимата от 30 ноября 2021 года №1526 «Об установлении квоты рабочих мест для трудоустройства инвалидов на 2022 год по городу Кызылорда»

ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление Кызылординского городского акимата «Об установлении квоты рабочих мест для трудоустройства инвалидов на 2022 год по городу Кызылорда» от 30 ноября 2021 года №1526 следующее изменение:
  - приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния» акимата города Кызылорда принять меры вытекающие из данного постановления.
3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
4. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Исполняющий обязанности акима города Кызылорда

Б.Нуридинов



## Жұлдыз жорамал

02.05.22-08.05.22



### Токты (21 наурыз-20 сәуір)

Кенеске аз көңіл бөлуге болмайды. Басқалардың көңіліне қалатындай сөз айтудан абай болыңыз. Өзіңіз жайлы айтылған сындарға түсіністікпен қарасаңыз, көп ортасында бөделіңіз артатын болады. Апта соңында қуанышты жаңалық күтіңіз.



### Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)

Романтикалық қарым-қатынаста шиеленіс болуы мүмкін. Бұл кезеңде кірістерге, жинақтарға және шығыстарға қатысты мәселелерді көтерудің реті жоқ. Жұлдыздар бейсенбі және жұма күндерін тыныш ырғақта өткізуге кеңес береді.



### Егіздер (21 мамыр-21 маусым)

Жақын туыстармен қарым-қатынаста ерекше әдептілік танытыңыз. Егер сіз өзіңіздің мінез құлқыңызды тізгіндемегеніз, онда үлкен жанжал шығуы мүмкін. Бейсенбі және жұма күндері отбасын қуантуға уақыт табыңыз.



### Шаян (22 маусым-22 шілде)

Адамдармен сөйлескенде сыпайылық танытыңыз. Сіздің жасыңыз бен қызметіңіз дәрежі мінезіндік көтермейді. Басқалардан сөз естіп қалмауға тырысыңыз. Туыстарға көбірек көңіл бөліңіз, жақын туыстармен жылы қарым-қатынаста болыңыз.



### Арыстан (23 шілде-22 тамыз)

Арыстандарда материалдық шығындарға байланысты проблемалар болуы мүмкін. Жұлдыздар үлкен қаржылық шығындардан сақ болуды ескертеді. Аптаның ортасында достарыңызбен әдемі кеш жоспарлауға немесе спортзалға баруға болады.



### Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)

Өз қалауыңыз туралы ғана емес, басқаларды да ойлауға тырысыңыз. Сонда сіз көптеген сәтсіздіктің алдын аласыз. Осы аптада сіз көзге көрінетін тұлғаға айналсаңыз, сізге айтылатын мақтау сөздер көбейеді. Романтикалық қарым-қатынас дамиды.




### Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)

Аптаның бірінші жартысында әрекет ету еркіндігіңіз шектелуі ықтимал. Бұл әл-ауқаттың нашарлауына байланысты болуы мүмкін. Алайда сіз өз іс-әрекеттеріңіздің дұрыстығына күмәнданбай, әрі қарай әрекет ете беріңіз.




### Сарышаян (23 қазан-21 қараша)

Апта барысында достарыңызбен қарым-қатынасыңыз сіз қалағандай жақсы болмайды. Аптаның ортасы ауруларды емдеуге және алдын алуға қолайлы кезең. Демалыс күндерінде барлық істі кейінге қалдырып демалып, жеткілікті ұйықтау керек.




### Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)

Бұл ғашықтар үшін тамаша уақыт. Сүйіктіңіздің некеге тұру туралы ұсынысын қабыл аласыз. Өзіңізге аса қымбат адамдар үшін жағымды тосынсыйлар жасансыз. Бұл күндер жақын туған-туыстармен кездесіп, кеш ұйымдастыруға қолайлы болмақ.




### Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)

Апта тазалық жұмыстарына қолайлы болмақ. Пәтердегі жиназды қайта реттеп, жалпы тазалау, жөндеу, жаңаша безендіру тамаша көңіл күй сыйлайды. Демалыс күндері отбасындағы қарым-қатынаста аздаған түсініспеушілік болуы мүмкін.



### Сұқұйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)

Сіз тым көп энергия жұмсауды талап ететін стрессік жағдайларға тап болуыңыз мүмкін. Егер сізде жоспарланған ем шаралары болса, оны басқа уақытқа ауыстырған жөн. Бейсенбі және жұма достармен қала сыртына шығуға жақсы уақыт.



### Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)

Кейбір мәселелерде сіздің пікіріңізді елемейтін әріптестеріңізден қажысыз. Қажетсіз сұрақтар қоймауға тырысыңыз. Бейсенбі және жұма күндері тыныштықта, жақын достарыңызбен уақыт өткізген тиімді болады.



### ҚҰРМЕТТІ ТӘЖІБАЕВА КҰНҚИЯШ!

Сізді 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз өз мерейтойыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрар жетістіктермен келіп отырсыз. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Таңдаған жолыңызды абыроймен жалғастырып, басқаларға үлгі көрсете білдіңіз. Жасаған еңбегіңіздің лайықты марапатына кенеліп, бүгінде мерейлі жасқа әдемі қалпыңызда жетіп отырсыз.



Сіздің жаныңыз жомарт, қамқор да талапшыл аяулы ана ретіндегі әдемі қасиеттеріңіз басқаларды тәнті етпей қоймайды. Өмірлік еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кішіксіздігі Өзіңіз, отбасыңыз үшін дана емес, қатар жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ бала-шағаңыз үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Сізге осындай мерейлі күні шын көңілден мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз!

Құрметпен, «Сан-Ай» пресс ЖШС ұжымы

## МӘМС пакетіндегі балаларға көрсетілетін медициналық көмек

**2022 жыл - балалар жылы. Ел тұрғындарының шамамен 34%-ы 17 жасқа толмаған балалар. Қызылорда облысында 316 мыңнан астам балалар тұрады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалына балаларға медициналық көмек көрсету тәртібі бойынша көптеген сұрақтар келіп түсуде. Жні қойылатын сұрақтарға ЭМСҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жауап берді.**

**- Балаларға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын төлеуім керек пе?**

- Жөк, 18 жасқа дейінгі балалар жеңілдікті санатқа жатады, олар үшін мемлекет МӘМС үшін аударымдар жасайды. Сондықтан медициналық сақтандыру пакетіндегі медициналық көмек балаларға толық көлемде қолжетімді.

**- Балаларға арналған стоматологиялық қызметтер МӘМС пакетіне кіреді ме және қандай қызметтерді тегін алуға болатындығын көрсете аласыз ба?**

- 18 жасқа дейінгі балаларға стоматологиялық көмек шұғыл және жоспарлы түрде тегін көрсетіледі. Медициналық сақтандырудың стоматологиялық қызметтер пакетіне мыналар кіреді: - тісті жансыздандыру және жулу; - пломба салу; - абсцестерді ашу; - пульпит, периодонтитті емдеу; - гипоплазия, флюороз кезінде тістің анатомиялық пішінін толық функционалды қалпына келтіру; - еріндер мен тілдердің пластикасы; - рентгенография; - ортодонтиялық қызметтер: жақ-бет аймағының туа біткен патологиялары және тандайдың бөлінуі (қасқырдың аузы) болған кезде.

Стоматологиялық көмек алу үшін емханаға да, стоматологиялық клиникаға да жүгіне аласыз. Бұл ретте, стоматологиялық қызмет көрсететін клиника Қордың әлеуетті жеткізушісі болуы тиіс және әлеуетті жеткізушісі тізімінде болуы маңызды.

Стоматологиялық қызметтерді жеткізушілердің тізімін қордың сайтынан көруге болады.

- Қандай жағдайларда балалар құрғақ сүт қоспаларымен тегін қамтамасыз етіледі? Бір жасқа дейінгі балалар үшін бейімделгіш құрғақ қоспалар тіркелген жеріндегі емханаларда мынадай жағдайларда беріледі: - емшектегі нәрестені асырап алу;

анасында АИТВ инфекциясының немесе туберкулездің белсенді түрінің, жіті психикалық аурулардың, туа біткен және пайда болған жүрек ақауларының, жүрек-қан тамыр жүйесінің декомпенсациясымен ілесе жүретін аурулардың, эндокриндік және аллергиялық аурулардың ауыр түрлерінің болуы;

- балада туа біткен лактаза жеткіліксіздігінің, галактоземияның, фенилкетонурияның, "үйеңкі шәрбаты" ауруының болуы;

- ананың цитостатикалық, радиоактивті, тиреоидты, психотроптық және есірткі дәрілік препараттарды қабылдауы;

- бірнеше баланың дүниеге келуі және емшек сүтінің жетіспеушілігі;

- әйелдің күндізгі оқу нысанында оқуы;

- әйелдің стационарда емделуде болуы.

Ананың жағдайына байланысты оған тек жасанды және аралас тамақтандыру тағайындалуы мүмкін. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізбесімен толығырақ мына сілтеме бойынша танысуға болады. Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 09 қаңтардағы № ҚР ДСМ-1/2020 бұйрығы.

**- Созылмалы аурулары бар балаларға қандай оналту шаралары қарастырылған?**

- Созылмалы аурулары бар балалар мен жасөспірімдер жылына екі-үш рет тұрақты медициналық налтудан өте алады. Бұл асқынулардың алдын алу үшін емханаларда динамикалық бақылау кезінде жасалады.

Үшінші кезеңді оналтуды пациенттің ауруына байланысты емхананың медицина қызметкерлерінің жолдамасы бойынша емханаларда, күндізгі және тәулік бойы жұмыс істейтін стационарларда, оналту орталықтарында және үйдегі стационарларда жүргізіледі.

**- Спорттық секцияларға жазылмас бұрын ЭКГ, жүрек ультрадыбысын тегін алуға және балаға кардиологтың қорытындысын алуға бола ма?**

- Әрине. Ол үшін тіркелген жері бойынша учаскелік дәрігердің/педиатрдың қабылдауына жазылу, консультация кезінде жүгіну себебін көрсету қажет. Дәрігер кардиологқа жолдама береді және ол спортқа қарсы көрсеткіштерді болдырмау үшін қажетті шараларды тағайындайды.

- Қандай жағдайларда балалар дәрігерін үйге шақыруға болады?

- 5 жасқа дейінгі балаларға денсаулық жағдайының кез келген нашарлауы кезінде учаскелік дәрігер үйде қызмет көрсетеді.

5 жастан асқан балаларға үйге шақырған кезде оның шақыру себебіне және баланың жағдайына байланысты алғашқы медициналық - санитариялық көмек маманы-дәрігер, орта медицина қызметкері көмек көрсетеді.

- Жеке клиникаларда жоспарлы егуді тегін алуға бола ма, ол үшін не істеу керек?

- ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес,

инфекциялық ауруларға (туберкулез, гепатит, полиомиелит, көкжөтел, дифтерия және сирепсе, В типті гемофильді инфекция, пневмококтық инфекция, қызылша, қызамық және паротит (свинка) қарсы жоспарлы профилактикалық екпелер – балаларға меншік нысанына қарамастан, тіркелген жеріндегі медициналық ұйымда тегін жүргізіледі.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда вакцинация жүргізу мерзімі жасына сәйкес Ұлттық егу күнтізбесімен белгіленген.

**- Балаға туа біткен жүрек аномалиясы диагнозы қойылса, оған қандай көмек қажет?**

- Туа біткен жүрек кемістігі бар балаларға медициналық көмек диагностикалау мен емдеудің барлық кезеңдерінде тегін көрсетіледі

**- Балабақшаға немесе мектепке ресімдеу кезінде медициналық анықтама сатып алу керек пе**

- Жоқ, сатып алудың қажеті жоқ. Балабақшаға немесе мектепке қабылдау үшін медициналық анықтаманы тіркелген жері бойынша емханадан сұратуға болады. Анықтамаға баланың физиологиялық параметрлері, бар аллергиялық реакциялар, созылмалы және бұрын болған инфекциялық аурулар, алынған екпелер, профилактикалық тексерулердің және зертханалық талдаулардың нәтижелері және т. б. енгізіледі.

Бала балабақшаға түскеннен кейін қартаны балабақшаның медицина қызметкері толтыруды жалғастырады.

- Балаларға профилактикалық тексерулерді қаншалықты жиі өткізуі керек?

- Балаларды профилактикалық тексеру жыл сайын – туғаннан бастап көмелетке толғанға дейін жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілерін, мектеп оқушыларын, орта арнаулы оқу орындарының оқушыларын және 18 жасқа дейінгі студенттерді білім беру ұйымдарындағы көшпелі бригада тексереді. Мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балаларды тексеру емханада немесе отбасылық денсаулық орталығында жүргізіледі.

Профилактикалық қарап-тексерулердің жиілігі мен кезеңділігі Қазақстан Республикасы Министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 «Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының оқушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы» бұйрығымен белгіленген.

Айгүл АХАНОВА,  
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» KEAҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы

**Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, 8 771 693 31 81, 8 705 982 76 61 нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.**

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс Жауапкершілігі шектелуі серіктестігі

Директор  
Анар Егіншібаева

Директордың орынбасары  
Нұрбек Әмиша

Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Кәрімов

Бас редактор  
Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Бас редактордың орынбасары  
Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы  
Зибаш Али  
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36ВР00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:  
Қызылорда қаласы,  
Байтұрсынов көшесі 46/36  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» ЖШС сенімгері басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбітшілік көшесі, 4 А үй. Телефон: 40-06-68

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделді және авторға қайтарылмайды

Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 6000 дана  
Индекс 66503  
Тапсырыс 696

E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru  
Электронды нұсқасы:  
https://ret-gazeta.kz/